**Автор**: Бозбаева Гульмира Сериковна
**Пән**: Қазақ тілі (Т1)
**Сынып**: 4-сынып
**Бөлім**: Адами құндылықтар
**Тақырып**: 27-сабақ. Жай сөйлем мен құрмалас сөйлем

---

| | |
|---|---|
| Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу): | 4.3.7.1 құрмалас сөйлемнің тыныс белгісін қою |
| Сабақтың мақсаты: | құрмалас сөйлемнің тыныс белгісін қою |
| Тілдік мақсаттар: | - сөйлемдердің қайсысы жай сөйлем, қайсысы құрмалас сөйлем екенін ажыратып айтады; |
| Күтілетін нәтиже: | - Құрмалас сөйлемнің тыныс белгісін қоя біледі. Құрмалас сөйлем екенін дәлелдей алады. |
| Бағалау критерийлері: | - Құрмалас сөйлемдерді жай сөйлемге айналдырып, оларды өзара салыстыра алады. |
| Құндылықтарды дарыту: | Өз іс-әрекетін жоспарлауға, уақытты тиімді пайдалану |
| АКТ-ны қолдану дағдылары: | Интерактивті тақта |
| Пәнаралық байланыс: | әдебиеттік оқу |
| Бастапқы білім: | Жай сөйлем мен құрмалас сөйлем |

## Сабақ барысы

| **Сабақ кезеңдері** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Сабақтың басы (3 мин) | **Грамматикалық ширату:** Жай сөйлем болса 1 рет, құрмалас сөйлем болса 2 рет қол соғу.<br>Өткенді бекіту<br>**«Сұрақ ілмегі»** әдісі бойынша алдыңғы білімді пысықтау. (сабақтың мақсатын хабарлау)<br>Құрмалас сөйлемге видео **(ай-мектеп)** | интерактивті тақта |
| Сабақтың ортасы (24 мин) | ***Жұппен жұмыс***<br>Жұлдызшалар беріледі. 62-жаттығу. Мақал-мәтелдерді толықтырып, олардың құрмалас сөйлем екенін дәлелде.<br>***Жеке жұмыс***<br>59-жаттығу. Сөйлемдердің тиісті тыныс белгілерін қойып, көшіріп жаз.<br>**Топпен жұмыс**<br>**I топ** Құрмалас сөйлемнің құрамындағы жай сөйлемнің арасына тиісті тыныс белгісін қойып, көшіріп жаз. Жай сөйлемнің баяндауышын тап.<br>**II топ** Құрмалас сөйлемді жай сөйлемге айналдырып жаз. Оларды өзара салыстырып, айтып бер.<br>**III топ** Құрмалас сөйлемнің құрамындағы жай сөйлемнің арасына тиісті тыныс белгісін қойып, көшіріп жаз. Жай сөйлемнің баяндауышын тап.<br>**IV топ** Суретпен жұмыс. Бір құрмалас сөйлем құрап жаз. Сөйлемнің баяндауышын тап.<br>**V топ** Құрмалас сөйлемнің құрамындағы жай сөйлемнің арасына қандай тыныс белгісін қойдың? Бұл қай ертегіден алынған үзінді екенін айт.<br>**VI топ** Құрмалас сөйлемнің құрамындағы жай сөйлемдердің арасына тиісті тыныс белгісін қойып, көшіріп жаз. Ертегіні одан әрі жалғастырып айт. | Жұлдызша,дәптер, оқулық |

| Сабақкезеңдері | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
| --- | --- | --- |
| Сабақтың соңы<br>(10 мин) | Жеке жұмыс<br>60-жаттығу. Жай сөйлемдерді құрмалас сөйлемге айналдырып жаз.<br>**«Аяқталмаған тезис»**<br>1. Бір ғана тиянақты ойды білдіретін.................. деп аталады.<br>2. Екі немесе одан да көп........ деп аталады?<br>3. Жапалақтап қар жауды. Бұл....... сөйлем.<br>4. Кішкене ғана бойы бар, Айналдырып киген тоны бар. Бұл..........сөйлем. | |
| Рефлексия<br>(3 мин) | Егер оқушыға бәрі түсінікті болса, **леп белгісін көрсетеді(!)**- сабақты өте жақсы түсіндім. Егер жартылай түсінікті болса, **нүктені көрсетеді (.)** – сабақты түсіндім, әлі де толықтырулар керек.<br>Сабақ түсініксіз болса, **сұрақ белгісін көрсетеді (?)** – маған көмек қажет деп түрлі стикерлермен өздеріңнің түсінгендерің жайлы ойларыңды білдіріп бағалайды.<br>5e70b4c0b45e0 page863908.png<br>Image not found or type unknown Image not found or type unknown | Стикер (леп белгісі, сұрақ блгісі, нүкте) |